

**ЖШС «Samira» бөбекжай-балабақшасы
Меңгеруші жанындағы ХАТТАМА №1**

Күні: «28» тамыз 2025 ж.

Өткізілген орны: ЖШС «Samira» бөбекжай-балабақшасының мәжіліс залы

Қатысқандар: Басшы, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

Жаңа оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттерді анықтау.

2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту.

Қауіпсіздік техникасы мен санитарлық талаптарды пысықтау.

Педагогикалық құраммен танысу.

Өртүрлі мәселелер.

1-мәселе бойынша Әдіскер Мұхит Жансая Жаңа оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттерді таныстырды.

Тыңдалды:

Әдіскер Мұхит Жансая жаңа оқу жылында МДҰ қызметін ұйымдастырудағы негізгі мақсаттарды баяндады. Атап айтқанда:

Балалардың денсаулығын нығайту және шынықтыру;

Тәрбиеленушілердің ұлттық, адамгершілік құндылықтарға баулу;

Танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Педагогтардың кәсіби біліктілігін жетілдіру;

Ата-аналармен тығыз әріптестік қарым-қатынас орнату.

2-Мәселе Жылдық жоспарды бекіту

Тыңдалды:

Басшы Мухамбетова З.Б жылдық жоспардың мазмұнымен таныстырды. Жоспарда:

Тәрбие-білім жұмысының бағыттары (дене тәрбиесі, тіл дамыту, көркем әдебиет, математика, музыка, экология);

Ұлттық мерекелер мен атаулы күндерге арналған іс-шаралар;

Педагогтардың әдістемелік жұмыстары;

Ата-аналармен бірлескен іс-шаралар көрсетілген.

3-мәселе Қауіпсіздік техникасы мен санитарлық талаптарды пысықтау

Тыңдалды:

Әдіскер және шаруашылық меңгерушісі тарапынан қауіпсіздік техникасы бойынша түсіндірме берілді:

Өрт қауіпсіздігі ережелері;

Электр жабдықтарын пайдалану тәртібі;

Балаларды серуенге шығаруда қауіпсіздік талаптары;

Санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау;

Жеке бас тазалығына көңіл бөлу.

4-мәселе Педагогикалық құраммен танысу

Тыңдалды:

Әдіскер Мұхит Жансая жаңа оқу жылында қызмет атқаратын педагогикалық құрамды таныстырды:

Тәрбиешілер

Әдіскер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, психолог, логопед.

5-Мәселе Өртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Педагогтар тарапынан әдістемелік құралдарды толықтыру ұсынысы түсті.
Балабақша кітапханасына жаңа әдебиеттер алу мәселесі қаралды.

Шешім :

Балабақша ұжымының 2025–2026 оқу жылына қойылған мақсат-міндеттерін бірауыздан қолдау.

2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілсін.

Барлық педагогтар мен қызметкерлерге қауіпсіздік техникасы мен санитарлық талаптарды қатаң сақтау міндеттелсін.

Ай сайынғы бақылау жүргізілсін.

Білім беру ұйымының басшысы



Мухамбетова

А.Т.Ә. (болған жағдайда)

ЖШС «Samira» бөбекжай-балабақшасы
МЕҢГЕРУШІ ЖАНЫНДАҒЫ ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ №2
Өткізілген күні: 18.12.2025
Орны: АКТ залы
Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, медбике, тәрбиешілер, педагог мамандар
Жартыжылдық қорытынды: Балалардың даму мониторингі және қысқы қауіпсіздік ережелері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. **Балалардың жартыжылдық даму мониторингінің нәтижелері.**
Баяндамашы: Әдіскер
2. **Қысқы қауіпсіздік ережелері және алдын алу шаралары.**
Баяндамашы: Медбике
3. **Жартыжылдық қорытынды бойынша басқарушылық шешімдер.**
Баяндамашы: Меңгеруші

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Әдіскердің баяндамасы – Балалардың даму мониторингі

Әдіскер топтар бойынша жүргізілген жартыжылдық диагностика нәтижелерін таныстырды. Мониторинг танымдық, сөйлеу, қимыл-қозғалыс, әлеуметтік-тұлғалық және шығармашылық даму бағыттары бойынша талданды. Көпшілік топтарда оң динамика байқалды. Балалардың сөздік қорының өсуі, ойын әрекетін ұйымдастыруының жақсаруы, моторика дағдыларының нығаюы, танымдық қызығушылықтарының артуы атап өтілді. Әдіскер педагогтердің оқу іс-әрекетін жоспарлауы, көрнекілікпен қамтамасыз етуі, білім салалары бойынша мақсаттардың орындалуы, циклограмманың сақталуы туралы қорытынды ақпарат берді. Мониторинг нәтижелерін ескере отырып, жеке даму карталарын толықтыру, жеке қолдау қажет балалармен түзету жұмыстарының жалғасуы ұсынылды.

2. Медбикенің баяндамасы – Қысқы қауіпсіздік ережелері

Медбике қыс мезгіліндегі қауіпсіздік талаптары туралы түсіндірді:

- көшеде тайғақ аймақтарда абай болу;
- сырғанақ, мұз үстінде ойнауға тыйым салу;
- қалың, жылы киіну қажеттілігі;
- серуен кезіндегі топтан бөлінбеу;
- балабақша ауласында арнайы қауіпсіздік шараларын сақтау.

Сонымен қатар суық тию, тұмау және ОРВИ ауруларының алдын алу үшін желдету режимі, ылғал тазалау, гигиена шараларын күшейту, балалардың киімін маусымға сай бақылау жұмыстары жүргізілетіні айтылды. Медбике ата-аналарға арналған «Қысқы қауіпсіздік» жадынамаларын тарату қажеттілігін атап өтті.

3. Меңгерушінің қорытынды сөзі – Жартыжылдық қорытынды

Меңгеруші оқу-тәрбие жұмысының нәтижелерін қорытындылап, педагогтерге мониторинг көрсеткіштерін жақсарту бойынша ұсыныстар берді. Балалардың жеке даму траекториясын бақылау, құжаттаманы уақтылы

жүргізу, әдістемелік талаптарды сақтау, ата-аналармен кері байланысты күшейту қажеттілігі атап өтілді. Қысқы маусымдағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау, ауладағы қауіпті аймақтарды бақылау, профилактикалық шараларды ширату міндеттелді.

Шешімі:

1. Балалардың жартыжылдық мониторинг нәтижелері **бекітілсін**.
2. Әдіскерге:
 - даму карталарын толықтыруды бақылау;
 - әр топ бойынша жеке даму көрсеткіштерін қадағалау.
3. Медбикеге:
 - қысқы қауіпсіздік туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыру;
 - профилактикалық шараларды күшейту.
4. Тәрбиешілерге:
 - мониторинг нәтижелеріне сай жеке жұмыстарды жүргізу;
 - серуен кезіндегі қауіпсіздік техникасын сақтау;
 - балалардың маусымға сай киінуін қадағалау.
5. Шаруашылық меңгерушісіне:
 - ауладағы мұзданған аймақтарды тазалау және құм себу;
 - ғимарат ішіндегі температуралық режимді сақтау.

Білім беру ұйымының басшысы



Мухамбетова

А.Т.Ә. (болған жағдайда)

ЖШС «Samira» балабақшасы
Меңгеруші жанындағы жиналыс хаттамасы №3

Тақырыбы: Ата-анамен серіктестікті нығайту

Өткізілген күні: 16.02.2026

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

Күн тәртібі

1. Ата-аналар жиналысының қорытындысы
2. Бірлескен жобаларды ұйымдастыру
3. Ұсыныстар мен шешімдер

Тыңдалды

1-мәселе бойынша - Ата-аналар жиналысының қорытындысы

Меңгеруші Мухамбетова З.Б. сөз алып, ата-аналармен жүргізілген жиналыстардың маңызына тоқталды. Ол ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастық баланың толыққанды дамуының негізгі шарты екенін атап өтті. Жиналыстар барысында ата-аналардың белсенділігі артқаны, олардың тәрбие жұмысына қызығушылығы жоғарылағаны айтылды.

Әдіскер ата-аналар жиналыстарында көтерілген негізгі мәселелерді баяндады. Ата-аналар балалардың тәрбиесі, қауіпсіздігі, тіл дамыту, денсаулық сақтау, мектепке даярлық сияқты тақырыптарға ерекше көңіл бөлгені атап өтілді. Сонымен қатар ата-аналар тарапынан ұсыныстар мен пікірлер айтылып, балабақша жұмысына оң баға берілгені жеткізілді.

Тәрбиешілер ата-аналармен жұмыс барысында қолданылған әдістерге тоқталды. Ашық сабақтар, тренингтер, кеңестер, жеке әңгімелер, онлайн байланыс түрлері ата-аналармен серіктестікті нығайтуға оң әсер еткені айтылды.

2-мәселе бойынша - Бірлескен жобалар

Әдіскер ата-аналармен бірлескен жобалардың бала тәрбиесінде маңызды рөл атқаратынын түсіндірді. Мұндай жобалар балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастырып, ата-аналардың тәрбиелік үдерісіне белсенді қатысуына мүмкіндік беретіні айтылды.

Тәрбиешілер бірлескен жобалардың түрлерін атап өтті: шығармашылық көрмелер, отбасылық байқаулар, ұлттық мерекелік шаралар, спорттық жарыстар, экологиялық акциялар. Бұл жобалар арқылы ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас нығайып, ұжымдық жұмыс дағдылары қалыптасатыны атап көрсетілді.

Сонымен қатар ата-аналарды жобаларды жоспарлау мен ұйымдастыруға тарту, олардың ұсыныстарын ескеру, тәжірибе алмасу жұмыстарын жүйелі жүргізу қажеттілігі айтылды. Жиналыс қорытындысында ата-анамен серіктестікті нығайту жұмыстарының нәтижелі жүргізіліп жатқаны атап өтілді. Ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуы балалардың тәрбиесіне оң әсер ететіні, олардың жауапкершілігі мен қызығушылығын арттыратыны айтылды.

Шешім

1. Ата-аналармен серіктестікті нығайту жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Ата-аналар жиналыстарының тиімді формалары тұрақты қолданылсын.
3. Бірлескен жобаларды ұйымдастыру жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілсін.
4. Ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері тұрақты түрде ескерілсін.

Білім беру ұйымының басшысы



Мухамбетова

А.Т.Ә. (болған жағдайда)

ЖШС «Samira» бөбекжай-балабақшасы
Меңгеруші жанындағы жиналыстың хаттамасы №4

Өткізілген күні: мамыр айы

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар, медбике, шаруашылық меңгерушісі

Тақырыбы: Жылдық жұмыс қорытындысы

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025–2026 оқу жылы бойынша атқарылған жұмыстардың қорытындысын талдау.
2. Балалардың даму көрсеткіштері мен жетістіктерін саралау.
3. Педагогтердің кәсіби жетістіктері мен қиындықтарын анықтау.
4. Алдағы оқу жылына ұсыныстар мен жоспарлар қарастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша: Мұхит Жансая

Балабақша меңгерушісі жылдық оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша баяндама жасады. Жыл бойы жүргізілген жұмыстар мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес ұйымдастырылғанын атап өтті. Тәрбие-білім беру процесінде балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, білім беру салалары бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілгені айтылды. Меңгеруші балалардың танымдық, тілдік, әлеуметтік және шығармашылық дағдыларын дамыту бағытында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылғанын баяндады. Ұлттық құндылықтарды дәріштеу, қауіпсіздік, экологиялық тәрбие, еңбекке баулу, патриоттық тәрбие бағыттарында айлықтар мен жобалар тиімді жүзеге асырылғаны атап өтілді. Сонымен қатар, ата-аналармен бірлескен жұмыстардың нәтижесі талданды. Ашық есік күндері, семинар-тренингтер, көрмелер, мерекелік іс-шаралар арқылы ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысқаны айтылды.

Екінші мәселе бойынша: Мұхит Жансая

Әдіскер балалардың даму мониторингі бойынша талдау жасады. Барлық топтардағы балалардың білім, білік, дағдылары бақылау нәтижелері арқылы сараланды. Балалардың көпшілігі бағдарламалық материалдарды жас ерекшеліктеріне сай меңгергені анықталды. Тіл дамыту, шығармашылық, дене тәрбиесі және әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттіліктер бойынша оң нәтижелер байқалғаны айтылды. Әсіресе, балалардың сөйлеу белсенділігі, қимыл-қозғалыс дағдылары және қоршаған орта туралы түсініктері артқаны атап өтілді. Сонымен бірге, кейбір тәрбиеленушілердің дыбысты дұрыс айту, байланыстырып сөйлеу және зейін тұрақтылығы бойынша қосымша қолдауды қажет ететіні айтылды. Осы бағытта келесі оқу жылында жеке жұмыстарды күшейту ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша: Мухамбетова З.Б

Педагогтердің кәсіби даму жұмыстары қарастырылды. Жыл бойы педагогтер біліктілік арттыру курстарына қатысып, ашық оқу іс-әрекеттерін, шеберлік сыныптарын, семинарлар өткізгені айтылды. Тәрбиешілердің инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға қызығушылығы артқаны, дидактикалық ойындарды, тәжірибелік жұмыстарды және ұлттық педагогика элементтерін тиімді пайдаланғаны атап өтілді. Сонымен қатар, кейбір педагогтердің құжаттарды рәсімдеу, уақытты тиімді жоспарлау және инклюзивті білім беру бағытында қосымша әдістемелік көмекке мұқтаж екендігі талқыланды.

Төртінші мәселе бойынша:

Алдағы оқу жылына арналған ұсыныстар қарастырылды. Педагогтер оқу-тәрбие процесінде заманауи технологияларды кеңінен қолдану, қауіпсіздік бағытындағы жұмыстарды күшейту, ата-аналармен байланысты одан әрі нығайту жөнінде ұсыныстар айтты. Экологиялық тәрбие, ұлттық құндылықтар, инклюзивті білім беру және балалардың сөйлеу тілін дамыту бағытында жаңа жобалар ұйымдастыру қажеттігі ұсынылды. Сонымен қатар, жас мамандармен тәлімгерлік жұмыстарын жандандыру мәселесі көтерілді. Жиналысқа қатысушылар жыл бойы атқарылған жұмыстарға оң баға беріп, балалардың қауіпсіздігі мен сапалы білім алуына бағытталған жұмыстарды жалғастыру қажеттігін айтты. Педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп, келесі оқу жылында жаңа идеялар мен жобаларды енгізуге дайын екендерін білдірді.

Шешім:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың білім сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
3. Педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасау жұмыстары күшейтілсін.
4. Инклюзивті білім беру және тіл дамыту бағытындағы жұмыстарға ерекше көңіл бөлінсін.
5. Ата-аналармен серіктестік жұмыстарын жаңа форматта ұйымдастыру жалғастырылсын.
6. Алдағы оқу жылына арналған жылдық жоспарға ұсыныстар енгізілсін.

Білім беру ұйымының басшысы



А.Т.Ә.

А.Т.Ә. (болған жағдайда)

ЖШС «Samira» бөбекжай-балабақшасы

Анықтама

Айы: Наурыз

Тақырыбы: Ұлттық тәрбие мен экологиялық бағыт

Өткізу түрі: анықтама

Наурыз айында ЖШС «Samira» бөбекжай-балабақшасында ұлттық тәрбие мен экологиялық бағытта балалардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамыту мақсатында іс-шаралар өткізілді. Іс-шаралардың негізгі мақсаты – балаларды ұлттық дәстүрлер мен мерекелер арқылы тәрбиелеу, сонымен қатар табиғатты қорғау және қоршаған ортаны сақтау мәдениетін қалыптастыру болды.

Мерекелік іс-шаралар аясында балалар ұлттық мерекелердің салт-дәстүрлерімен танысты. «Наурыз – бірлік пен береке мерекесі» тақырыбында өткізілген іс-шаралар балаларға ұлттық ойындар, әндер, би және сахналық қойылымдар арқылы дәстүрлерді үйретуге мүмкіндік берді. Осылайша балалар мәдени құндылықтармен танысып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетті.

Экологиялық бағытта балалармен бірге табиғатты қорғау акциялары ұйымдастырылды. Бұл акциялар барысында балаларға ағаш отырғызу, гүлдерді күту, қоқыс жинау, қоршаған ортаны таза ұстау дағдылары үйретілді. Мұндай іс-шаралар балалардың экологиялық санасын арттырып, табиғатты қорғауға деген жауапкершілікті сезінуін қамтамасыз етті.

Меңгеруші мен әдіскер балалардың іс-шараларға белсенді қатысуын бақылап, олардың жас ерекшелігіне сай тапсырмаларды орындауын қадағалады. Сонымен қатар, педагогтарға ұлттық мерекелерді ұйымдастыру және экологиялық тәрбие элементтерін сабаққа енгізу бойынша ұсыныстар берілді. Бұл тәжірибе педагогикалық қызметті жүйелеуге, әдістемелік шеберлікті арттыруға және балалардың жан-жақты дамуына мүмкіндік тудырды.

Қорытындысында, Наурыз айында өткізілген іс-шаралар балалардың ұлттық құндылықтар мен экологиялық мәдениетті түсінуін арттырды, педагогтерге тәжірибелік бағыттағы ұсыныстар берілді және балабақшадағы тәрбие процесін байытты.

Ұсыныстар:

Ұлттық мерекелер мен салт-дәстүрлерді жүйелі түрде өткізу;
Табиғатты қорғау бағытындағы іс-шараларды тұрақты ұйымдастыру;
Балалардың жас ерекшелігіне сай ұлттық және экологиялық тәрбие элементтерін қолдану;

Педагогтар мен ата-аналар арасында бірлескен тәжірибені дамыту;
Балалардың шығармашылық, әлеуметтік және экологиялық қабілеттерін жүйелі түрде арттыру.